

Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округі Иса Байзақов ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 1-20-05 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 тамызда № 6891 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округі Иса Байзақов ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Байзақов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округі Иса Байзақов ауылының келесі көшелері:
"Попович" көшесі "Сарыарқа" көшесі;
"К.Маркса" көшесі "Шамшырақ" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байзақов ауылдық округінің әкімі

М. Аушенов